Бекітемін:

Оқу ісінің орынбасары: Умбетова.Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | | | | | |
| Топ/сынып | **Мектепалды даярлық сынып** | | | | |
| Балалардың жасы | **5 жасар балалар** | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | **Сәуір айы 4-апта 21.04- 25.04. 2025ж** | | | | |
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| | 21.04.25ж | 22.04.25ж | 23.04.25ж | 24.04.25ж | 25.04.25ж |
| Күн тәртібі | **«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сәуір айы «Апта дәйексөздері»- «Көп еңбек еткенге ,бақыт басын иеді.»** | | | | |
| Балаларды қабылдау | Сәлемдесу .<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу<br>Медбике тексеруі. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру | **Ата-анаға кеңес:**<br>Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Санамақ**<br>Көпшілік катысады.Ойынның шарты: ойын бастаушы катысушы бір адамды ортаға алып шығады.Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай,кідірмей аттап жүріп айтуы керек.Токтамай кателеспей айтып шыкса,жүлде алады.Егер кателессе ойыннан шығады. | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Қарамырза**<br>Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі.Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырган бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді.Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы «Уағалейкумассалам,бірінші қарамырза» -деп жуап беруі керек,егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады.<br>Сөйтіп , аз дан соң ойыншылар «женгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топка бөлінеді, «женген»жақ «жеңілген» жакка жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейлі | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Айдапсал.**<br>Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға койып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар катарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапкандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейлі, .т.б. өнер көрсетелі | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Шертпек.**<br>Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі колмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін коя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, аркасынан тартып қалады.Таба алмай калса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетелі, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Белбеу соқ**<br>Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашкан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық калған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр куғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ойын жалғаса береді. | |
| | **Мақсаты:** балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Менің Қазақстаным**<br>**ҚР гимні**<br>«Бидай»<br>Комбайнымен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. | «Ақ тілек»<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | «Нанға біз тоямыз»<br>Көктемде жерді жыртамыз,<br>Тегістейміз тырмалап.<br>Дәндерді оған егеміз,<br>Жайқалып көктеп шықсын деп.<br>Күз болғанда орамыз,<br>Нанға біздер тоямыз. | «Көктем қандай тамаша!»<br>Көркемдеген жер-көкті.<br>Көктем қандай тамаша!<br>Жерге әкеліп төсепті<br>Алуан гүлді алаша. | «Көлбең, көлбең, көлеңкем»<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Тасып піскен бидайды.<br>Айтшы қалай жинайды?<br>Комбайнымен бидайды,<br>Былай, былай жинайды.<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны қалай қорғайды?<br>Қаптап ұшқан торғайдан,<br>Оны былай қорғайды.<br>Кіш, кіш, кіш...<br>Қорғап қалған бидайды,<br>Қамбаға әкеп жинайды. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.** | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Жыл мезгілдері.**<br>ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br>Қазақ тілі<br>Міндеті<br>Не? Кім? Қайда? | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Біз нені үйрендік,нені білдік?** -сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру;<br>-буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.<br><br>1 Сурет салу.<br>(Шығармашылық іс-әрекеттер) | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>. **Жыл мезгілдері.**<br>-ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>. **Міндеті:**<br>Біз нені үйрендік,нені білдік? -сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Жыл айлары** -апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту.<br>Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: Дыбыстық талдау** -сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту;<br>-дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту;<br>-спортпен айналысу адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұғындыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде колдана білуге үйрету. Сұрақ коюға және сұракка толык сөйлеммен жауап беруге жаттыктыру;<br>-ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазак тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттыктыру.<br><br>**Дене шыныктыру**<br>**Міндеті**<br>**Көшбасшы бол.**-себетке доп лактыру жаттығуларын жасай білу;<br>-жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс орындай білуді нақтылау.<br><br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті**<br>**«Түлкі мен Қоян» ертегісі.** -ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттыктыру.<br>-баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.<br>-балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. | **Міндеті:**<br>**«Сиқырлы»** кораптар. -тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті кағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету;<br>-калдык заттарды, кораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту;<br>-калдық заттардан жасалған ойыншықтарды өздігінен безендіру және шығармашылыкпен еңбек ету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Музыка әлеміне саяхат.** -лирикалық байсалды әуендерді кабылдап, каркындык өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту;<br>-балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>**Көктемгі табиғаттың** өзгеруі -балаларды | ішінен мағынасына карай артык сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру;<br>-буынға буын косып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік корларын жаңа сөздермен толыктыру;<br>-жолда жүру ережесін сактап жүруге тәрбиелеу.<br><br>**Дене шыныктыру**<br>**Міндеті:**<br>Шабандоздар. -бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау аркылы жаттыктыру;<br>-кимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.<br>-тік койылған баспалдакка сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың кимылдарын үйлестіруін дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>**Достық мерекесі** (өлеңді көңіл күймен айтуға үйрету)Серікбай Оспанов -өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-өлең мазмұнын эмоциялык көңіл күймен айтуға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық карым- қатынасын дамыту. | **Міндеті:**<br>**«Түлкі мен Қоян»** ертегісі. -ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттыктыру.<br>-баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұракка жауап беру кабілеттерін дамыту.<br>-балаларды батырлыкка, өжеттілікке тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Музыка әлеміне саяхат.** -лирикалық байсалды әуендерді кабылдап, каркындык өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалык аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында косылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту;<br>-балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>**Не? Кім? Қайда?** - казак тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде колдана білуге үйрету. Сұрак коюға және сұракка толык сөйлеммен жауап беруге жаттыктыру;<br>-ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазак тіліне тән | **Дене шыныктыру**<br>**Міндеті**<br>**Шабандоздар.** -бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс кимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру;<br>-кимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.<br>-тік қойылған баспалдакқа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың кимылдарын үйлестіруін дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Міндеті**<br>**Жеңіс күні** (өлеңді жаттау)Қайрат Жұмағалиев -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған катынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды карым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен Таныстыру**<br>**Міндеті:.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру;<br>ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау;<br>-өзіндік эксперименталды жұмыстар ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін нығайту;<br>-табиғатты аялауға тәрбиелеу. | | дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. | **Көктемгі табиғаттың өзгеруі** -балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру;<br>ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау;<br>-өзіндік эксперименталды жұмыстар ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін нығайту;<br>-табиғатты аялауға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №18**<br>**Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау**<br>**Мақсаты:** бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару );<br>— табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру;<br>— емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз.**<br>Аппақ, аппақ бақбақтар,<br>Үлбіреген бақбақтар,<br>Құдды киіз ақ үйлер.<br>Парашюттен аумайды.<br>Төнеді кеп жан-жақтан,<br>Сәл-пәл самал жел<br>соқса,<br>Тамашалап сәбилер.<br>Ақ ұлпалар заулайды.<br>Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы.<br>Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №19**<br>**Бақылау: Жолжелкенді бақылау**<br>**Мақсаты**:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші әңгімесі**<br>-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да олар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №20**<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:**<br>*Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>*Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>*Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>*Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>*Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ, | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №21**<br>**Бақылау: Ауа-райын бақылау**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз.** А.Меңдібай<br>Мамыр айы келгенде,<br>Дала гүлге толады.<br>Жайнап барлық атырап,<br>Қызық-думан болады.<br>Бақшамызда біз еккен,<br>Гүл шоқтары гүлдейді.<br>Жапырақтар сыбдырлап.<br>«Қандай көркем, көр»-дейді.<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>***Жеке жұмыс***<br>♦ Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №22**<br>**Бақылау: Гүлзарды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы.**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br>**Жеке жұмыс**<br>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындыкта, жаңа тынaя бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн кызуына карай бұрады. Күн баткан кезде гүл жапырактары жабылып калады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбак-тың гүл оралғысы екі кабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бакбактың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымакқа бай.<br>Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбактың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас корытуға, кан кысымын түсіруге, катты іcіктерді басуға, ыстыкты түсіруге тағы баска көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбакты ең кажет дәрілік өсімдік ретінде сактап, корғау керек.<br>**Жеке жұмыс**<br>♦ Бақбак гүлінің түрі кандай??<br>♦ Ол жылдың кай мезгілінде әдемі болып көрінеді?<br>♦ Бақбактың кандай лақап аттары бар?<br>♦ Бақбакты неге дәрілік өсімдік дейміз?<br>**Зерттеу жұмыс:** Бакбактың сабағын кесіп, сүт сиякты сұйыкты карау.<br>**Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау.<br>Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін | шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен коса бүлдірмей алып, көленке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырактары дене сыртындағы аккан канды токтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиканға колданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаккан жерге, асказан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан акканда және дизентерияға пайдаланады.<br>**Жеке жұмыс**<br>♦ Мамыр айын халыкта калай атайды? (шешек айы)<br>♦ Өсімдіктер кай жерде бар да, кай жерде жок? (күннің көзі көп түскен жерде бар)<br>♦ Көленке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салкын)<br>♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде кандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)<br>♦ Мына өсіп тұрған өсімдік калай аталады? (жолжелкен)<br>♦ Оны неге олай атаған?<br>♦Жолжелкеннің кандай көмегі бар, кім біледі?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Лупа аркылы жолжелкен жапырактарын карау, ерекшеліктерін табу.<br>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылык-тары мен ұксастыктарын айыру.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. .<br>**Қимылды ойын: «Бәйге».**<br>**Мақсаты:** жеңіске деген құштарлыктарын арттыру, жылдамдыктарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны: Дыбыстар аркылы жүру<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сактау, берілген дыбыс ырғағына карай кимыл жасау<br>Еркін ойындар балалардын | Бірак ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Жеке жұмыс**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы кандай жәндіктерді білесіңдер? (кобелек, құрт т.б)<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде кандай өзгерістер болады? (көктемде жұмырткалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер кайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, кұмырска).<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден корғайды? (кұмырска)<br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>♦ **Зерттеу жұмысы**<br>Қанкызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырскалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Аланды қоқыстардан. тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін кадірлеуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».**<br>**Мақсаты:** кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыкка баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жаксарту.<br>Халык болжамы: күзде кұмырска илеуі биік болса, кыс ұзак әрі катты болады<br>Еркін ойындар балалардың калауы бойынша | жатыр)<br>♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандыктан)<br>♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін калай атаймыз? (ерте көктем)<br>♦ Ерте көктем мен казіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>♦ Қазір аспан көрнісі кандай? (ашык көк)<br>♦ Ағаштар бейнесі кандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайкалып, жап-жасыл болып тұр).<br>♦ Қыста кар жауған кезде ауа температурасы кандай еді?<br>♦ Жанбыр кандай температурада жауады?<br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта кандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шыкты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыракка малынды).<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлар алаңын коқыстардан тазалауға көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын «Үшінші артық».**<br>**Мақсаты**: ойын ережесін сактап ойнауға. аңғарымпаздыкка баулу. Ұлттык ойындарға деген кызығушылыктарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>—Допты берілген бағытка карай оң және сол колмен лактыруға жаттыктыру;<br>—Қозғалыс координацияларын сактау.<br>Макал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы. | ♦ Гүлдер жаксы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдык, кейбіл гүлдер бір жылдык деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін аланда жұмыс (тазалау, копсыту).<br>Мақсаты:<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянактау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін калыптастыру.<br>**Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».**<br>**Мақсаты:** жүкіруге жаттыктыру.<br>Жаттығу ойыны «Құлап калма».<br>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттыктыру.<br>Макал-мәтел:<br>- Әр гүлдің иісі әр баска.<br>-Гүл-араға, бал-балаға.<br>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.<br>Еркін ойындар балалардың калауы бойынша |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бағалауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Өз гүліңді тап».**<br>**Мақсаты:**<br>—түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>Жаттығу ойыны.<br>Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты:<br>- Қимыл белсенділіктерін арттыру;<br>Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | қалауы бойынша | | Мамыр айы- гүл айы.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, колдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Сюжетті - рөлді ойын:*** **«Тігінші»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дагдыларын арттыру, бір - бірімен диалог аркылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>***Көрнекіліктер:*** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, кайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.<br><br>***Ойын барысы:***<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Өнерім кол ұшында,<br>Боламын мен тігінші<br>Тігіншінің ішінде,<br>Бас бармзқтай бірінші. | ***Ойын: «Дұрысын тап»***<br>**Мақсаты:** Мамандыктарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.<br>***Тәрбиеші:*** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ак калпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.<br>Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?<br>Шаштараз не киеді?<br>Балалар белгілеп береді.<br>- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз кандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер. | ***Ойын:«Тігінші»***<br>***Тәрбиеші:*** Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)<br>Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.<br>Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін кыскартып беруін сұрайды. Диляра кайшысын алып киып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан куыршакка желетке тігеді. Үшы жок кайшы болуы керек.<br>Ойынды балалар өз киялдары мен калаулары бойынша әрі карай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды.<br>Тәрбиеші әр уакытта балаларға көмек көрсетуі тиіс | ***Артикуляциялық жаттығулар:***<br>***Ойын:« Часы» «Сағат»***<br>***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға койған максатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде калағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>Ата – аналармен бірлесе карым – катынас жасай отырып ортак максатымызға жетеміз.<br>• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап козғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет кайталау керек.<br>• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>***«Дәмді тосап»***<br>***Мақсаты:*** жалпак тілдің ұшының жогары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді | **Аз қимылды ойын:**<br>**Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»**<br>**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.<br>**Ойын шарты:**<br>**Мазмұны:** Аланда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады.<br>Ойыншылардың арасынан санамак аркылы бір «куғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шыкпай, ішінде жүріп ойналады.<br>Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен куғыншы»! – деп айкайлайды да, балаларды қуа жөнеледі. Қуғыншының колы тиген ойыншы колын жоғары көтеріп , куғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі карай жалғастырады.<br>Бірак ойыншылар куғыншыдан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | | | калыпта ұстауын үйрету.<br>***Қысқаша сипаттамасы:***<br>Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.<br>***Әдістемелік нұсқау.***<br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектін кимылдамауын қадағалау кере.<br>2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br>3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ калпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек. .<br><br>  | бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;<br>Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;<br>Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.<br>**Ойынның ережесі:**<br>1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.<br>2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.<br>Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.<br>Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.<br>Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | |  |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ____________-Көктем мезгілінің белгілерін үйрету | __________Мақал-мәтел: Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт | _________________Көктем киім үлгілерін білуге үйрету | _______________ Көктем мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру | ________________Көктем мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бағдылауға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | . Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Сақина жасыру**<br>Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінігң үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Атбақыл**<br>**Мақсаты**: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын ( сиырдың асығын томпай д.а) алысқа иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оңы сақасы түскең жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Көтермек**<br>**Мақсаты**: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз серігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады.. | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Арқан тартыс**<br>**Мақсаты**: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт-дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады . | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Тақия тастамақ**<br>**Мақсаты**: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың бүгінгі жасаған жұмыстары туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу |

Бекітемін:

Оқу ісінің орынбасары: Умбетова.Г

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) | | | | | |
| Топ/сынып | **Мектепалды даярлық сынып** | | | | |
| Балалардың жасы | 5 жасар балалар | | | | |
| Педагогтің аты-жөні | | | | | |
| Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) | **Сәуір айы 5-апта 28-30.04. 2025ж** | | | | |
| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
| | 28.04.25ж | 29.04.25ж | 30.04.25ж | | |
| Күн тәртібі | **«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сәуір айы** « Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы»<br>**Апта дәйек сөздері «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап.»** | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу .<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу<br>Медбике тексеруі<br>«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру** | . Ата-анаға кеңес:<br>Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Шертпек.**<br>Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін коя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай калса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Қарамырза**<br>Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі.Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларгы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырган бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді.Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы «Уағалейкумассалам,бірінші қарамырза» -деп жуап беруі керек,егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады.<br>Сойтіп , аз дан соң ойыншылар «женгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топка бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жакка | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Айдапсал,**<br>Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде калады.Ойынды баскарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға койып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды.<br>Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапкандар соның касына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. | жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді | көпшіліктің үйғаруымен өлең айтады,би билейді, ,т.б. өнер көрсетеді | | |
| | **Мақсаты:** балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Танертеңгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені «Секірмелі бақа»**<br>Мақсаты: Баланың аяқ бұлшық еттерін нығайту және секіру қабілетін дамыту.<br>Өткізу тәсілі: Балалар тізелерін бүгіп, «бақа» сияқты секіреді. Әр секірген сайын олар алға ұмтылып, жаттығуды бірнеше рет қайталайды. Бұл жаттығу аяқ пен бел бұлшық еттерін нығайтады. | **Таңғы жаттығу кешені «Аю сияқты жүр»**<br>Мақсаты: Аяқ бұлшық еттерін нығайту және қимыл координациясын дамыту.<br>Өткізу тәсілі: Балалар «аю сияқты» төрт аяқтап еңкейіп жүреді. Олардың тізелері жерге тимеуі керек. Бұл қозғалыс балалардың аяқ бұлшық еттерін және тепе-теңдігін жаттықтырады. | **Таңғы жаттығу кешені «Құстар сияқты ұшу»**<br>Мақсаты: Қол және иық бұлшық еттерін дамыту, қанат қимылдарын орындауға үйрету.<br>Өткізу тәсілі: Балалар қолдарын екі жаққа жайып, «құс» сияқты жеңіл секіріп, қолдарын қанатша сермейді. Бұл жаттығу балаларға жеңіл қозғалыстарды орындауға және иықтарын бос ұстауға көмектеседі. | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Менің Қазақстаным**<br>**ҚР гимні**<br>**Психомоторлық жаттығу:**<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ақ жаңбыр.<br>(Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды)<br>Астан-кестен жауатын,<br>Өткінші енді біз жаңбыр.<br>(Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред. | **Психомоторлық жаттығу:**<br>Әппақ болып таң атты,<br>Түтін тіке шығады.<br>Қарлығаштар қанатын<br>Самғап биік ұшады. | **Психомоторлық жаттығу:**<br>Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жадырап,<br>Судай таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті** | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Жыл айлары** -апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>**Біз нені үйрендік?** - сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>. **Жыл айлары** -апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті**<br>**Жайлауда** -жайлау туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде колдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау үйрету;<br>-сөздерді біріктіріп сөйлем құрау кабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты; яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**<br>**Спортпен шұғылданамыз!** -<br>оң қол және сол колмен алыска лақтыруға үйрету, колдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру;<br>-аякты өкшеден бастап, аяқ басына карай басып, жылдамдықты сақтап, | буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту;<br>-сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту;<br>-тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамактанудың пайдасын ұғындыру.<br><br>**1 Сурет салу. (Шығармашылық іс-әрекеттер)**<br>**Міндеті:**<br>**Мысық. Күшіктер.** -<br>қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету;<br>-қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту;<br>-қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету;<br>-қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-күшіктің ұсақ дене бөліктерін өздігінен толықтыру, күрделі емес композицияға біріктіру;<br>-шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Ел қорғауға әзірміз.** - | анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**. Міндеті:**<br>**Біз нені үйрендік?** -<br>сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту;<br>-сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту;<br>-тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамақтанудың пайдасын ұғындыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>**Спортпен шұғылданамыз!**<br>-оң қол және сол колмен алыска лақтыруға үйрету, колдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру;<br>-аякты өкшеден бастап, аяқ басына карай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеті**<br>**«Түлкі мен Қоян» ертегісі.** -ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>-баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.<br>-балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. | динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.<br>Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу;<br>-сюжетті ойындарды сахналауға үйрету, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау;<br>-балаларды батырлыққа, жігерлілікке тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>**Көктемгі табиғаттың өзгеруі -балаларды** көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау;<br>-өзіндік экспериментталды жұмыстар ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін нығайту;<br>-табиғатты аялауға тәрбиелеу. | **Көркем әдебиет**<br>**. Міндеті:**<br>**Жеңіс күні (өлеңді** жаттау)Қайрат Жұмағалиев -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: жануарларды бақылау**<br>Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, | **Бақылау: Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, камқор болуға тәрбиелеу. | **Бақылау:** Қайың ағашын бақылау<br>Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай<br>Көшетін әкеп қайыңның,<br>Отырғыздым аулаға.<br>Жіп-жіңішке жас шыбық,<br>Өспейді деп ойлама. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз<br>«КҮШІГІМ» А. Меңдібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>Жеке жұмыс<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктеркөбіне немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп | Бакылау барысы<br>Тәрбиеші:<br>Балалар, мені тыңдаңдар, казір мен сендерге өлең окимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған карымен,<br>... құнар береді. (кыс)<br>Үлкендер карбалас,<br>... дән себеді. (көктемде)<br>Бак пенен бакшаны,<br>... баптап өсіреді. (жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді. (күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>*Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>Жеке жұмыс:<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>*Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген кар суын (кар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі кар жібиді де, ылғал пайда болады) | Жас шыбық өсіп толады,<br>Әсем кайың болады,<br>Суғарып, күтіп, баптасам.<br>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппак діні жұка кабыкпен капталған. Қайың кыс шыккан бойда бүр жарып шыға келеді. Халык әндері мен ертегілеріне кайыңды жиі коскан. Оны сүйіспеншілікпен «ак кайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына кайың еккен. Қайыңның жұмсак кабығынан жеңіл шабата (аяк киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.<br>Жеке жұмыс<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>*Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?<br>*Біздің ауламызда кандай ағаштар өседі?<br>*Ағаштар жылдың кай мезгілінде көктейді?<br>*Әуелі ағаш бұтактарында не пайда болады?<br>*Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?<br>*Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?<br>Зерттеу жұмысы<br>Қайың ағашы мен баска ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылыктары аркылы ажыратуға болады?<br>Еңбек<br>Ауланы өткен күзден калған коқыстан тазалауға көмектесу<br>Максаты:өз еріктерімен топка бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады. **Еркін ойындар** балалардың қалауы бойынша | | Қимылды ойын | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу кабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, колдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы баска әрекеттер) | Сөйлемді толықтыр» ойыны Мақсаты:Ойлау жылдамдығын, сөй-леу белсенділігін дамыту. | «Керісінше айт» ойыны Мақсаты:Логикалық ойлай алады,қарама-қарсы мағынасы бойынша айтады. | Дидактикалық ойын: «Ұқсастықты тап» Мақсаты:Заттардағы ұқсастықты табады және өз дәлелін негіздей отырып айта алады. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | карындашты дұрыс ұстауға үйрету. | сөздерді анық айтуға үйрету. | пішіндерді ажырата білуге үйрету. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос» | Д/ойын: «Сөзді айтуға көмектес» | Ойын: «Пішіндер доминосы» | | |
| **Серуенге дайындық** | . Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Арқан тартыс**<br>Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады . | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Атбақыл**<br>**Мақсаты**: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойынға екі-екі бала қатысады да қалған балалар көтерушілер болады. Белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не болмаса томпайын ( сиырдың асығын томпай д.а) алысқа иіріп тастайды.Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе томпайымен оны атады. Егерде ол тигізсе бірінші бала оны сақасы түскен жерге дейін арқалап барады. Егер тимесе бірінші бала атады, осылайша ойын жалғасады | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Көтермек**<br>**Мақсаты**: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-карсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)** | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | | |